

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі N 369 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 416 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі N 369 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
2000 жылғы 3 сәуірдегі N 369 Жарлығына
өзгерістер енгізу туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі N 369 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін :

тақырыбындағы»"Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия" деген сөздер»"Мәдениет саласында мемлекеттік стипендиялар " деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы»"Көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлері үшін" деген сөздер»" Мәдениет саласында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар алынып тасталсын;

3) тармақшадағы»"Мемлекеттік стипендияға" деген сөздер»"мемлекеттік стипендияларға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК